

**«Общественная позиция»
(проект «DAT» № 06 (43) от 10 февраля 2010 г.**

DAT, ТАҚСЫР!

**Дос КӨШІМ, саясаткер:
БІЗ – ОН МИЛЛИОН ҚАЗАҚ
биліктің құшағына сыймаймыз**

Қазақ саясаткерлері арасында шоқтығы бөлек бір азамат бар. Ол – Дос Көшім. Бөлек дейтініміз – ол билікке де, демократиялық оппозицияға да оқшау тұлға. Ешқайсысына сіңіспеген, ешқайсысымен «былғанбаған». Сонау 90 жылдардың басынан мемлекеттен тыс ұйымдарда қызмет еткен, түрлі ұлттық қозғалыстардың басы-қасында болған, бүгіндері Мұхтар Шаханов бастаған ұлт азаттығын аңсаушылар қозғалысына қолғабыс еткен Дос мырза – біздің «DAT, тақсыр!» айдарының бүгінгі қонағы.

Дос мырза, сіз қалай ойлайсыз, доктринаның дүрмегімен бас көтерген ұлттық қозғалыс Ақ орданың құшағында тұншығып бара жатқан жоқ па? Ұлт мүддесін көздеген екпін мен жігер бастапқы бетінен саябырсып қалған сияқты...

– Кез келген мәселеде нақты мақсат болуы керек. «Доктринаға» байланысты нақты мақсат – біріншіден, «қазақстандық ұлт» деген сөз ашық айтылмаса да, сол құжаттың өзегі, негізі болып тұрғаны белгілі, сондықтан осы құжатты талқылауды тоқтату болды. Екіншіден, мүмкіндік болса, біздің тарапымыздан «доктринаға» балама құжат дайындап, оны да халықтың талқысына салу. Үшіншіден, билікпен қатар отырып, біздің дайындаған ұлттық тұжырымдаманы негізге ала отырып, жаңа құжат жасауға алып келу. Меніңше, осылардың барлығы дерлік жүзеге асқан сияқты. Әрине, барлығы мен ойлағандай болды деп айта алмаймын, себебі, кейбір мәселелерге (мысалы, талаптарды дайындауға) тікелей араласа алмадым. Ақ орда әлі біздерді құшақтай қойған жоқ сияқты. Біз олардың құшағына сыймайтын он миллион қазақ екенімізді ұмытпалық.

– Жыланның аяғын көрген қу билік ұлт жанашырларының қолынан белсенділікті алып қойды деген пікір бар, сіз осыған не дейсіз?

– Меніңше, «Доктрина» арқылы билік қазақтарды тағы бір оятып, намысын қозғады. Егер олардың «ұлтты ояту» деген бағдарламалары болса, ептеп жүзеге асып жатқан сияқты. Ал «ұлтқа кім көбірек қызмет жасайды» деген жарыс болса, өз басым, белсенділікке де, туға да таласпаймын. Әрине, олардың белсенділігі – халықты алдау жолының бірі де болар, бірақ халық әрбір алданған сайын ашына түсетінін де есімізден шығармайық.

– Жұмысшы тобы Астананың ақ боранына қамалып алып, қазір не тындырып жатыр? Ел ішіне бұл жөнінде ақпарат тарамай жатқан соң, неше түрлі қаңқу сөз шығатын әдеті бар...

– Астанада ұлттық мәселеге байланысты құжатты дайындайтын, шартты түрде «билік» жағы мен «ұлтшылдар» жағының әрқайсысынан 10 адамнан кіретін комиссия құрылды. Оның ішінен жұмысшы тобы жасақталды. Оған «біздің жағымыздан» Амангелді Айталы, Айдос Сарым, Досмұхаммед Нұрахмет және мен кірдім. Айта кету керек, құжаттың аты туралы әлі нақты бір шешімге келген жоқпыз. Жұмысшы тобының дайындаған құжатын комиссия бекітетін болды. Сонымен қатар комиссияның заңды статусы туралы да мәселе қаралды.

– Айтпақшы, Дос мырза, елдің еңкейген еңсесін көтеретін ұлттық мәселені ұран еткенде, жұмыс тобын құрайық деген қушиған уәжге неге көне салдыңыздар? Мәселені президенттің алдына дейін жеткізіп, оның жарлығымен мемлекеттік комиссия құрғызу жөніндегі талапқа табандап жатып алмадыңыздар ма?

– Жұмысшы тобын құру мәселесі Мұхтар Шахановтың қойған талабының үшінші тармағында тұр. Оны дайындауға, екіншіше қарай, мен қатысқан жоқпын. Сондықтан бұл жерде Мұхтардың «уәжіне» билік көнді деген дұрыс болатын шығар.

(Соңы 12-бетте)

– Бұл сұрақты қойып отырған себебім: Мұхтар Шаханов көтерген, оны сіздер қостаған қазақтың ұлттық мүддесіне қатысты мәселені президенттің өзі ғана шеше алады. Біздің елдегі мұндай қалыптасқан жүйеге сіздің көзіңіз әбден жетті деп ойлаймын. Немесе «худой конец» Президент әкімшілігінің басшысы Мусин мен Сенат төрағасы Тоқаев қана Шахановқа теңдес тұлға бола алар еді. Басқалары – пешка! Жиырма жылдан бері билікпен текетіресіп жүрген сіз мұны білуіңіз керек еді ғой?

– Менің де пікірім осындай. Бірақ саясатта белгілі бір тұлғаның көтерген туына жармасу – жақсылық әкелмейді. Егер Мұхаң бұл мәселені көтерсе, біздер өзіміздің кейбір пікірлерімізді тоқтата тұруымызға тура келеді. Әйтпесе кейіннен «біз былай қылар едік, сендер бұздыңдар» деген сөздерді естиміз. Сондықтан «доктрина дауы» тұсында біз Мұхтардың қасынан табылдық, сол кісінің сөзімен жүруге тырыстық. Балама құжатты дайындауға да сол кісінің тапсыруымен кірістік. Қанша адам болса, соншама пікір туады. Ал саяси-қоғамдық жұмыста жүргендердің әрқайсысы – бір тұлға.

Аштықтың тоқтағанының өзіне қаншама қарсылар табылғанын білетін шығарсыз. Қаңтардың ортасында мені Талдықорған қаласының қоғамдық ұйымдары шақырған, сол жердегі екі сағат уақытым Мұқаңды қорғауға, «ақтап алуға» кетті...

– Бәлкім, Мұхтар Шаханов жұмыс тобының тең төрағасы болса, мәміле үстелінің басында ұлт патриоттарының мәртебесі де жоғары болар еді. Ал Мұхаңның орынбасарлық жағдайында ұлтшылдар командасы екінші рөлге түсіп қалмай ма? Яғни бұл – билік тағы да кезекті саяси ойынға кірісіп, үлкен шаруаның бастама-тізгінін тартып алды деген сөз...

– Сіз бұл жерде екі түрлі мәселені араластырып алған сияқтысыз. Біздің «доктрина» жөніндегі мәселеге келсек, ол жерде екі жақтан екі төраға болсын дегенге келістік. Ал «Мемлекеттік тілді 2010-2020 жылдардың арасында дамыту» жөніндегі бағдарламаға келсек, ол жерде Мұхтар Шаханов орынбасар болды. Мемлекеттік бағдарламаны мемлекеттік мекемелер жасауы керек, бұл жерде біздің «екінші рөлге» түсуіміз заңды сияқты.

– Әрине, жұмысшы тобына жетекші болған министр Құл-Мұхаммед қазаққа жаны ашитын азамат. Бірақ ол жоғарғы мемлекеттік биліктің көңіліне жақпайтын мәселені жұмыс тобының отырысынан сыртқа шығара алмайды ғой... Біздің елде «ұлттық мүдде» және «креслолық мүдде» деген бір-бірімен қабыспайтын ұғымдар туған жоқ па, Құл-Мұхаммед осының біріншісіне құл бола алады деп ойлайсыз ба?

– Өмірімде бес минут сөйлеспеген, ешқашан араласпаған адам туралы ешқандай пікір айта алмаймын.

– Ал енді сіз оқырман қауымға мынаны түсіндіріңізші: сіздер ұлт бірлігіне қатысты доктринаға балама тұжырымдама ұсынған кезде, ұлт мүддесіне сай барлық қордалы мәселелерді көтерген едіңіздер. Ал саяси шешім шығаруға шамасы келмейтін министрліктің аясында құрылған жұмыс тобы тек қана тіл мәселесін қозғайтын болыпты. Бұл ұлтшылдардың «желін шығарып жіберудің» амалы емес пе?

– Бұл сұрақта тағы да түсінбестік орын алады. Біріншіден, «доктрина» мен «мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасы» – екі түрлі мәселе. Екіншіден, осы құжатты дайындаған адамдардың бірі ретінде «балама тұжырымдамаға» ұлттың қордаланған мәселесінің бәрі кірді деп айта алмаймын. Біздер белгілі бір (биліктің «доктринасы») құжатқа балама тұжырымдама жасадық, демек солардың қалпымен жүруге тура келді, бірақ көзқарас қазақтікі болды. Өңгіме осында ғана.

– Жөн-ақ делік. Дегенмен жұмыс тобы тілге қатысты біраз мәселенің мәмілесін тауып, шешімін күтетін сұрақтар топтады дейік. Одан әрі ол мәселелер қайда барып тіреледі, қандай өкілетті орган оның шешімін шығарады? Осы механизмнің жөні қалай болмақ?

– Менің естуімше, бұл бағдарлама Президенттің жарлығымен бекітілетін көрінеді. Демек, «жақсы ниет» болып қалып қоймайды, заңдық статус алады. Оны орындау – үкіметтің міндеті. Механизмін де солар анықтайды. Ал жұмысшы тобының міндеті – өздерінің ой-пікірлерін беру, сол механизмдерін көрсету. Егер осыны көрсете алмасақ – бізге серт, ал оны жүзеге асыра алмаса – үкіметке серт.

– Досеке, жұмысшы тобының жұмысына демократиялық оппозиция өкілдері неге тартылмады? Оларды қатыстырмау билік тарапынан қойылған талап болды ма, жоқ әлде оның басқа түсінігі бар жағдай ма?

– Бұл сұрақты министрге қойған дұрыс болады. Өз басым, ешқашан «мені мынау комиссияға енгізіңіз» деген адам емеспін.

– Айтпақшы, балама тұжырымдаманың жобасы оппозициялық басылымдар бетінде жарық көрді. Ал өздерін тәуелсізбіз деп жүрген басқадай газеттер үн-түнсіз қалды. Сонда оларға қазақ мәселесі қызғылықты болмағаны ма?

– Тәуелсіз газет көрсем – көзім шықсын! Барлық басылымдардың өз қожайыны, өзінің саяси жолы, мақсат мүддесі бар. Оған ренжудің де қажеті жоқ, бұл – барлық елдерде бар құбылыс.

– Қазақ мәселесінде оппозиция бей-жай қарап отыр деген сыңаржақ пікір бар, Досеке. Сіз осыған қалай қарайсыз? Бұған қарсы уәж айтар болсақ, қазақ жерін шетелдіктерге бергізбеу жөнінде өткен соңғы митингіні де оппозициялық «Азат» партиясы өткізбеп пе еді?

– Осы «сыңаржақ» пікірді мен де қолдаймын. Мойындауымыз керек, жиырма жылда бір сағаттық бір жиын өткізу – мақтануға тұрарлық жеңіс емес. Мен олардың партиялық бағдарламаларынан қазақ мәселесін көргім келеді. Өкінішке қарай, көре алмай отырмын. Партия – халықтың бір бөлігі ғана. Ал ұлттық мүдде одан анағұрлым жоғары. Бүгінге дейін жүзеге аспай отырған Ұлттық мүдде қазақ жеріндегі әрбір саяси партияның бағдарламасынан орын алуы шарт.

– Айтпақшы, ұлт патриоттары санатына жататын бірде-бір ұйымның қарсылық акциясы ретінде бірде-бір митинг өткізгенін естімеппін...

– Ұлттық мәселе тек жиындармен ғана шешілмейді. Ұлттың рухын көтеру, намысын ояту жұмыстары жан-жақты, кешенді іс-әрекеттерді талап етеді. Ал

кешегі желтоқсан айындағы ұлтшылдардың бас көтеруі – осы насихат жұмыстарының нақты нәтижесі деп білемін.

– Ұлттық мақсаттағы ұйымдар арасында бұған дейін ауызбірлік жоқ еді. Қазір осы кесапат кетейін деді ме, жоқ әлде биліктің түртпектеуімен жүргендері лаң салу, іріткі шығару райынан жаңылған жоқ па?

– Ауызбірлік – биліктің түртпектеуіне, «шпиондар» мен «агенттердің» жұмысына қарамайды. Сондықтан да оны ауызбірлік деп атайды. Егер жолдан қосылған арандатушының сөзіне еретін болсақ, ауызбірліктің болмағаны. Демек кінәні биліктен емес, өзімізден іздеуіміз керек.

Адамдардың сөзіне емес, нақты ісіне баға беруіміз қажет. Жамандау, күйе жағу сияқты тәсілдер өзінің жемісін беретін болса – ешқашан тоқтамайды, ал одан ешқандай нәтиже шықпаса – өзінен-өзі қалады.

Бізге саяси мәдениет жетіспейді. Оны мойындауымыз керек. Меніңше, біздің мақсатымыз бір, бірақ сол жолға баратын сүрлеуіміз көп. Осы жолдарды таңдау мәселесінде талас-тартыстың болуы әбден мүмкін, бірақ ол жалпы мұратты жоққа шығармайды.

– Дос мырза, кезінде «Егемен Қазақстан» газетінде «Дос жылатып айтады» деген мақалаңыз шыққан еді. Сонда сол кездегі оппозицияға қатысты біраз мәселені шымбайына батырып айтқаныңыз есімде. Ал енді мүмкіндік туып, Назарбаевпен бетпе-бет жолыға қалсаңыз, көзіне шұқығандай етіп, «ДАТ», тақсыр!» деп, не айтар едіңіз?

– Менің екі мақаламды оқып шығыңыз дер едім. Біріншісі – «Ұлттық мемлекеттің мызғымас шарттары», екіншісі – «Жеке басқа табынушылық дегеніміз не?» деген мақала. Екеуі де «Жас алашта» жарияланған.

– «Мүмкіндік туа қалса» дегенді Алтынбек марқұмның бір әңгімесіне қатысты да айтуға болады. Көзі тірісінде Алтыкең: «Дос жылатып айтадыны» министр болып тұрғанда, оппозицияға қарсы мен жаздырып, «Егеменге» бергізген едім...» – деген еді, Доске...

– Бұл оқиғаның тарихы мынадай: Мен Әкежан мырзамен бес-алты ай біріге жұмыс істедім. «Әділ сайлау жолында» деген қозғалысты да бірлесе құрдық. Мен сол қозғалыстың басшысы ретінде, ол сол қозғалысқа мүше болып кіргені үшін үстімізден іс те қозғалды, әкімшілік жолымен сотқа тартылдық. Сол уақыттардың ішінде Әкежанға ұлттық мәселеге баса көңіл аудару қажеттігін талай айтқан болатынмын. Өкінішке қарай, ол кісі басқарған партияның бағдарламасынан қазақ мәселесін көре алмадым. «Дос жылатып айтады» мақаласы осыған байланысты сыни тұрғыда жазылған болатын. Ұлттық мәселе жөнінде билік пен оппозицияның ешқандай да айырмасы жоқ екендігін көрсеттім. Назарбаев пен Қажыгелдин қатар сыналды. Мақала «Жас Алаш» газетіне берілген болатын, бірақ редактор оны Алтынбектің алғанын айтты. Кейіннен мақала барлық дерлік қазақ газеттерінде жарияланды. Ең сорақысы – мақаладағы билікке байланысты сөздер мен есімдер алынып тасталынып, тек қана Қажыгелдинге байланысты айтылған сөздердің қалғаны... Менің осы сұрқия тәсіл туралы министрлікке жолдаған хаттарыма жауап болмады. Ашынған соң, «ДАТ» газетіне «Менің қайтыс болғаным туралы хабар шындыққа жанаспайды» деген мақала жаздым. Әкежанға рақмет, ол кісі мәселені түсінген болуы керек, журналистердің сан түрлі қитұрқы сұрақтар қойып, арамызға от тастамақ болғанына қарамастан, мен туралы ешқандай жаман пікір айтқан жоқ. Бір сұхбатында «Менің ұлтшылдығым Назарбаев пен Дос Көшімнің ұлтшылдығынан кем емес» деген пікірін де көрдім. Шынында да, ол мақала Қажыгелдинге қарсы мақала емес, оппозицияға ой салу мақсатында жазылған дүние болатын.

Сырым ДАТОВ